

## 5.7 Менгеруші жаңындағы кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талдау. Әдістемелік нұсқау хат 2. Оқу қызметінің кестесін бекіту 3. Кадрларды топтар бойынша бөлу Баяндама «Жаңартылған бағдарлама-білім берудің жаңа мазмұны»	Қыркүйек	Менгеруші Әдіскер Тәрбиешілер
2	1. Отken кеңестің шешімдерінің орындалуы. 2. Кеңес «Балабакшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» 3. Денсаулық сактау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу	Желтоқсан	Менгеруші Әдіскер Тәрбиешілер
3	1. Жарты жылдық аралық мониторинг қортындысы 2. «Қыын отбасындағы бала психологиясы» 3. Педагогтермен тәрбиешілердің жарты жылдық есебі 4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс-шаралар	қантар	Менгеруші Әдіскер
4	1. Отken кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Оқу процесінің жылдық қортындысы 3. Тәрбиешілермен педагогтардың мейірбикенің жылдық жоспры 4. Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру	Шілде	Менгеруші Тәрбиеші медбике

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Откен кеңестің шешімдерін орындалуы
2. Кеңес «Балабакшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
3. Денсаулық сактау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.

Балабакшамыздың менгерушісі Ш.Касымова педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабакшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауга шақырды. Откен кеңестің шешімі жүз пайыз орындалды. Тәрбиешілер жаңартылған бағдарламамен жұмысын жүргізуде. Одан әрі қарай балабакша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

**2. Тыңдалды**: Балабакша әдіскері Б.Маликова сөз алғып, Балалақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дene тәрбиесінің мазмұны жүргізуіне, дene жаттығулары, табиғаттың сауықтыруышы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар колданылуы туралы, дene жаттығуы- дene тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнағы ірікеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруга болатын козғалыс пен қозғалыс қызметінің құрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті.. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал ететіндігін, Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, . мынадай түрлерге бөлінуін көрсеті.

- Таңертенгілік жаттығу
- Кимыл-козғалыс ойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттығулар.

Балабакшадағы дene тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн әртібі бойынша сауықтыру шаралары (таңертенгілік жаттығу, кимыл-козғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері , ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар). Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сактап, ныгайтатындығын және дene мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, кимыл-козғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта өтті.. Дене сау, рухы таза үрпак өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабакшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сактану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледеп сезін аяқтады.

**1Сөз сойлеген** : Тәрбиеші К.Усенова Балабакшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

**3. Тыңдалды: Әдіскер Б.Маликова** Балабакшага таңертенгі келген уақыттан бастап Күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, кимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) откізетіндігіміз туралы айттып, Дене шынықтыру оқу қызметі балаларды кимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты . Ол әрбір жас топтарында аптасына 2-3 рет откізіледі. Дене сау, рухы таза үрпак өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабакшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сактану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Денсаулықты нығайту максатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын үйримдастырады. Оған

Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су қюо, сұргіну

Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті таза ауадагы кимылдық ойындар.

Денсаулықты жаксарту мәселелерін шешу әдістері.

Дарумендер теропиясы

Психо жаттынулар

Жалпак табан, омыртканың кисауының алдын- алу,

Дем алу, сергіту жаттынулары.

Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып отті

**Шешім: ШЕШІМ:**

1. «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» Балалрдың денсаулығын жаксартатын жұмыс жүргізілсін
3. Денсаулық сактау технологиясының тиімді адіс тәсілдерінің оку қызметтеріне енгізілсін

Хатыны  К. Жолшиева

## 5.7 Менгеруші жаңындағы кеңес

Откізілген уақыты: 01.09.2021

### КҮН ТӘРТІБІ: №1

1. Жаңа оқу жылшының жылдық жоспарымен таныстыру «Әдістемелік нұсқау хат»
2. Оку қызметінің кестесін бекіту
3. Кадрларды топтар бойынша болу
4. Баяндама «Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны »

#### **ТЫНДАЛДЫ:**

Балабакша менгерушісі Ш.Касымова педагогтерді жаңа оқу жылшының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру үйімшының басшысы (төраға), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен катар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2020-2021 оқу жылшында педагогикалық кеңестің хатшысы болып К.Жолшиева сайланғандығын естеріне түсіріп отті.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:** әдіскер Б.Маликова

Әдіскер Б.Маликова 2021-2022 оқу жылшында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отыргандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші К.Жолшиева сайлауды үйғарды.

Биылғы 2021-2022 оқу жылшында өзгерістер бар. Тәрбиешілердің құжаттарында өзгерістер бар.

1. катысу кестесі.
2. Балалардың әлеуметтік картасы журнлы (электронды түрде )
3. жылға перспективалық жоспар
4. Циклограмма
5. Баланың дамуның жеке картасы «электронды түрде.
6. ата-аналар жиналышының хаттамасы

Тәрбиешілерге осы өзгерістермен таныстырылып өтілді.

**1 ТЫНДАЛДЫ:** Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша менгерушісі Ш.Касымова жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. 2021-2022 оқу жылшының жылдық жоспары 2 бөлімнен тұрады. 2021-2022 оқу жылшына «Денсаулық сактау технологиясын қолдану арқылы балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» ( ата-анамен жұмыс); «Сахналу арқылы мектепке дейінгі балалардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіру»; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» ҚР МЖМБС зерделеу және жан- жақты талқылау арқылы педагогтардың білімділігін арттыру» міндеті алынды. Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Тәрбиешілер оз білімдерін котеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке токталып отті. Балабакша педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланды. Оқу жылшына 2 педагогикалық кеңес, 3 балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторы жоспарланды. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бакылау бойынша оперативті, салыстырмалы, такырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды. Оқу жыл барысында такырыптық оқу қызметтері мен ертеңгіліктер және басқа да іс-шаралар жоспарланды. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде 3 жалпы, 3 топттық ата-аналар жиналышы. кеңестер мен баска да іс шаралар жоспарланды. 2021-2022 оқу жылшының жылдық жоспарын балабақшаның менгерушісі, әдіскері, психологі мен медбикесі және музика жетекшісі бірінің отырып құрды. Сондыктan осы айтылғандарды құптаймыз, жылдық жоспарга алып косарымыз жок десеніздер бекітейік.

#### **1. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:**

Әдіскер Б.Маликова жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру ролі, үйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды откіzetін жауапты адамдар накты корсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп оз ойын түйінделі.

## **2. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:**

К.Жолшиева онда жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2021-2022 оку жылшының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан колдады.

### **2 Тындалды :**

Әдіскер:Б.Маликова

2021-2022 оку жылшына күралған үйымдастырылған қызметінің перспективтік жоспары бес білім беру саласы бойынша оку қызметіне күрілған перспективтік жоспар томендергідей.

Органды тобы үшін дene шынықтыру-108, музыка-54, көркем әдебиет-18, сөйлеуді дамыту-36, құрастыру-18, сурет салу-36, аппликация-9, мүсіндеу-9, орыс тілі-18, экология негіздері-9, коршаған ортамен танысу-9, қарапайым математикалық үтімдарын қалыптастыру-36, вариативтік компонент-36 сағатқа; ерсек гонтары үшін дene шынықтыру-108, музыка-54, көркем әдебиет-18, сөйлеуді дамыту-36, құрастыру-18, сурет салу-36, аппликация-18, мүсіндеу-18, орыс тілі-18, экология негіздері-9, коршаған ортамен танысу-9, қарапайым математикалық үтімдарды қалыптастыру-36, вариативтік компонент-2 сағат; мектепалды топтары үшін дene шынықтыру-90, қауіпсіз мінез құлық негіздері-18, музыка-72, көркем әдебиет-18, сөйлеуді дамыту-18, құрастыру-18, сурет салу-36, аппликация-36, мүсіндеу-36, ағылшын тілі-36, орыс тілі - 36, экология негіздері-9, коршаған ортамен танысу-9, қарапайым математикалық үтімдарды қалыптастыру-36, өзін-өзі тану-36, вариативтік компонент 3 сағатқа жоспарланды. Енді осы бес білім беру саласы бойынша жылшына 2 рет бірінші және екінші жарты жылдық бойынша балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында индикатор жүргізілетіндігіне токталды. Сондай-ақ барлық топқа баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібі құрылды. Күн тәртібі Қазакстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту обьектілеріне койылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының З кестесіне сәйкес құрылды (материалдары қосымша беріліп отыр). Барлық топ тәрбиешілері тақырыптық жоспарымен таныстырып отті.

**3. Тындалды** Балабакша менгерушісі Ш.Касымова педагогтардың біліктілігіне санатына байланысты кадр мүшелерін топтарға бөлді. Және әр тірбиеші өз ісіне мүқият әрі талапқа сай карауын, балаларды жаңа бағдарлама, жаңа технологияны пайдалана отырып ойлау кабілеттерімен сөйлеу мәнерінің дамуына үлестерін аямай косуды айтып кетті.

**4 Тындалды :** Әдіскер: кадр мүшелеріне «Жаңартылған бағдарлама-білім берудің жаңа мазмұны» атты баяндамасымен таныстыруды. Баяндама талқыланды, балаға көп көңіл бөлу керектігі жайлы айтылды. Бағдарлама аясында педагог үшін мыналар маңызды болмақ; Педагог шебер сұрап коюшы болуы қажет, себебі? Үкітимал себептері Оқудагы олқылықтарды анықтау үшін; Балалардың ойларын бағыттау үшін; Бағалау үшін; Келесі сұраптарға түрткі болу үшін; Такырыпты қайта карау үшін; Қызығушылықты немесе білуге құмарлықты ояту үшін; Күрделендіру үшін; Сұрап-жаяуп пен сын тұрғысынан ойлауды модельдеу үшін; Түсінуге комекtesу үшін; Багамдау үшін. Білім берудің жанарту жолдары Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұннандағы модульдер: 1. Білім беру мен білім алудагы жаңа тәсілдер. 2. Сыни тұрғыдан ойлауга үйрету. 3. Білім беру үшін бағалау және окуды бағалау. 4. Білім беруде акпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. 6. балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту қажеттігін атап отті. және слайд түрінде түсіндіріліп анық тақырып козгалды.

Хатын  К.Жолшиева

## №3 Менгеруші жаңындағы кеңес

Откізілген уақыты: 12.01.2022

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Іжарты жылдықтығы аралық мониторинг қорытындысы  
№2 педагогикалық кеңестің қорытындысы.
2. «Қын отбасындағы бала психологиясы»  
3. Педагогтармен тәрбиешіліердің жарты жылдық есебі.  
4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс-шаралары.

#### 1 ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақшамыздың әдіскері Б.Маликова откен педагогикалық кеңестің шешімінің қаншалыкты орындалғанына есеп берді..

Енбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырын, айтылып отілген кеңестерді әрбір оку қызметінде колданылуы қадағаланып жатқандығын айтты.

Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын үйимдастырудың кестесін көрсетті. балабақшада өтетін ертеңгіліктер мен ашық үйимдастырылған оку қызметінің кестелерінің бекітілгенін толық баяндады. Одан әрі қарай бүгінгі қарастырылатын мәселелерге қоңіл болді. Балабақша тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың даму мониторингісінің қорытындысын баяндап есептерін тапсырды. Бес білім саласы бойынша балалардың даму мониторингі жақсы деп бағаланды.

**2 ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша әдіскері Б.Маликова Ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қогамның болсын негізгі мәселелері болып келгендейді дәлелдеуді қажет етпейдігін айта келе, тәрбие ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс екендігін айтты...**

. Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін, жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген психологиялық – педагогикалық жүйе болуы керек. Бұл жүйенің ерекшелігі – «қындардың» түзелу мүмкіндігіне ғана емес, сонымен бірге олардың рухани жағынан да бүтіндей қайта өзгеретіндігіне кәміл сену қажеттігінде деп, Қын отбасындағы баланың психологиясы жайлы бірнеше дәлелдеулер айтып өтті. Қын отбасындағы балалардың психологиясын бақылау мақсатында мыналарды ұсынды.

1. **Бақылау** – баланың іс-кимылын, созін әртүрлі іс-шаралардан, оку қызметінен ынталып байқау.
2. **Әнгімелесу**- баламен сойлесу арқылы оның ішкі дүниесіне ену, проблемасын білу, түсінү және оны шешүге бағыт - бағдар сілтеу.
3. **Сауалнама**- арқылы бала туралы ақпарат жинау. Сауалнаманың мазмұнында негізгі проблема ғана болуы тиіс. Ойы, мінезі, әлеуметтік демографиялық жағдайы, белгілі бір бағыт бойынша қызыгуышылығы.

#### Сұраптар мынандай түрде болуы мүмкін:

Сұрап (дайын жауаптардан керегін бала өзі таңдап алады.)

Оз бетімен жауап беру

Тура жауаптар

Жанама жауаптар

**4. Сұхбаттасу** - алдын ала дайындалған сұраптарға жауап алу. Сұхбаттасу мынандай түрде болуы мүмкін:

карапайым жағдайда сөйлесу

баланың үнемі болатын ортасында сұхбаттасу

жауап беру мүмкіндігін ескеру-белгілі бір уақыт ішінде жауап беру керектігін айту үшінші адамның комегінен әңгімелесу;

Мысалы: «Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық коріністерін зерттеу.» әжеттігін айттын отті.

**3Тыңдалды** : Балабақша әдіскері Б.Маликова балабақшаның жарты жылдық жылдық есебін баяндады. Жарты Жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертенгіліктер, семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оку тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, ашық ұйымдастырылған оку қызметтерінің жоспарын, жүргізген жұмыстарын қағаз жүзінде өткізді.

#### **4. Тыңдалды**

Күн тәртібіндегі 4 –мәселе бойынша тәрбиеші К.Усенова баяндамасы тыңдалды.

«Жапсыру» және «Мұсіндеу» оку қызметінде пайданылатын құралжабдықтар сирвировкасы мен оларды колдану тәртібі туралы төмендегідей мағлұмат берді. Жапсыру жұмысы балаларды пішіндермен таныстыру арқылы жүргізіледі. 2 – ден – жас аралығында алғашқы жапсыру жұмыстарында балалар пішіндерден зат, құрастыруды үйренеді. Балалар дайын пішіндерді өз орнына орналастыру арқылы үйшік машина, мұнара, акқала, арба, сәнді көйлектің түймелері, ыдыстағы жемістер такырыбында жапсыру іс-әрекеттерін орындаиды. Содан соң балаларға тік төгбұрыштың ұшын қайшымен бір басып қиу әдісі арқылы шарлар, шырша шамдары, алмалар, жаңғактар, құлпынайлар, доптар қидырырылып желиммен қағаз бетін бағдарлан ортасына желимдеп жапсыру әдістері үйретіледі. 3 жастан 4 жас аралығында бала қолына қайши ұстауды үйрену кажет. Себебі бұл жасқа дейін ол жапсыру жұмыстарын дайын пішіндерді орнына орналастыру арқылы жасаса, ендігі жас кезеңінде ол қағазды қиу және желимдеу әдістерімен танысады. Оны тәрбиеші немесе ерессек адам үлгі көрсету арқылы үйретеді. Әрі қарай қиу тәсілі қүрделенеді. Балага қайшины бірнеше рет басып тік қиу арқылы тік төртбұрыштарды қынап алу үйретіледі. Бұл әдістермен түрлі доптар, шарлар, шырша ойыншықтары қыладады. Содан соң қағазды екі бүктеп қиу әдісі үйретіледі. Пішіндер мен өрнектерді орналастыруда пысықталады, қағаздардың түс үйлесімділігіне мұқият зейін аударылады. 5 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға сюжетті жапсырмаларды қабаттап бүктеу арқылы қынап алу және жапсыру әдістері үйретіледі.

**1. Сөз сөйлеген:** Тәрбиеші Б.Асилбекова мұсіндеу жұмысын үйрету әдістері атап отті. Ермек саздан мұсін жасау балалардың сүйікті жұмысы, бірақ мұсінді калай жасау керек әдістерін міндетті түрле ерессек адамдар үйретеді. Балага мұсінді жасату алдында оның жасайтын мұсінге қызығушылығын көтеру кажет, содан соң оны жасау әдістерін үйрету меноны тамашалау, әңгімелесу, сипаттау жұмысы жүргізіледі. Мұсіндеу әдістері бір қалыптан бастап корсетіледі: 2 жаста 3 жас аралығында саз балшықты алақан арасында донгелету әдісімен доптар, шарлар, нандар, құлшелер жасау үйретіледі.

3 жастан -4 жас аралығында саз балшықтан жасаған дөңгелектерді алақан арасында есу арқылы шұлжыктарды, тесік болшектерге табактарды жасау ұсынылады.

4 жас пен 5 жас аралығында ермек саз-пластилин колданылады. Одан жоғарыда атап корсетілген әдістерді пысықтау негізінде болшектерге боліп, еселеу әдісімен заттың мұсінің жасау үйретіледі. Сонымен бірге сылау, танбалау әдісін колдану үйретіледі деп міндеттеп алды.

**ШЕШІМ:**

1. Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы каталдық көріністерін зерттеу тәрбиешіге жүктелсін.
2. Жаңа технологияға сай оқу іс-әрекеттерді сапалы ұйымдастыру ісін жандандыруда педагогтар озық тәжірибелерді колдануды одан әрі арттырысын.
3. Балаларға сылау, таңбалау әдісін колдану үйретілуі міндеттелсін

Хатшы



К.Жолшиева

**Мекеме қызметкерлері басшы құрамымен «Терроризмге қарсы күрес-  
маңызды мәселе» тақырыбында өткен жиналыстың  
ХАТТАМАСЫ**

Жиналыс төрағасы :Ш.Касымова  
Хатшысы :К.Жолшиева

**Қатысты:21**

мекеменің басшы құрамының қызметкерлері.

**Тыңдалды:**

Жиналыс төрағасы, мекеме басшысы **Ш.Касымова** терроризмге сипаттама берे отырып, қазіргі уақытта терроризмнің бүкіл адамзатқа төнген басты қауіптің бірі екенін айтып, оған қарсы күресті қүшетуге бағытталған озық үлгідегі заңнамалық базаның мемлекетімізде жасалғанын және оған қарсы күрес жүргізу тәуелсіз еліміз үшін маңызды мәселе болып отырғанын, террористік тұрғыдан осал объектіге жататын мекеме аумағында тиісті қауіпсіздік шараларын құзырлы органдармен келісе отырып жасау керектігі туралы айта келе алғашқы сөзді мекеменің әдіскері

**Б.Маликова** «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І Занының республикада терроризмге қарсы күрестің құқықтық және ұйымдастыруышылық негіздерін, мемлекеттік органдардың және барлық меншік формаларындағы ұйымдардың қызмет тәртібін, сондай-ақ терроризмге қарсы күресті жүзеге асырумен байланысты азаматтардың құқықтарын, міндеттері мен кепілдіктерін айқындайтыны және осы Занының 10-3 бабында көрсетілгендей, меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иелері, иеленушілері, басшылары немесе лауазымды адамдары террористік әрекеттің алдын алу, сондай-ақ объектілерді терроризмнен корғау және олардың қауіпсіздігін тиісті жағдайда қамтамасыз ету мақсатында:

- тиісті өткізу режимін, объектілерге қойылатын талаптарға сәйкес оларды қазіргі заманғы инженерлік-техникалық күзет жабдықтарымен жарактауды қамтамасыз ету;
- ұлгілік паспорттың негізінде-өздеріне сеніп тапсырылған объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы паспортын әзірлеу;
- персоналды үй-жайларды қарап тексеру техникасына үйрету, жарғыш құрылғылардың орнатылуы мүмкін орындарды анықтау бойынша профилактикалық және оку-жаттығу шараларын өткізу;
- жасалған терроризм актісінің салдарынан туындаған техногендік сипаттағы катерлерді жою бойынша мұдделі мемлекеттік органдармен бірлескен іс-қимылдарды жоспарлау мен пысықтау;-объектінің ақпараттық желілерін коргауды, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға міндеттілігі айтылды. Сонымен бірге терроризмге

қарсы іс-қимылдың қагидаттары мен мақсаттары, терроризм профилактикасы, терроризмге қарсы іс-қимылдың мақсаты туралы кеңінен түсініктемелер беріп отті.

Шаруашылық менгерушісі А.Узакбай өз кезегінде терроризм сияқты заманның басты қауіп-қатеріне қарсы тұру-алдымен қоғамның жіктеліп бөлінуіне жол бермеуге және ымырасыз күрес жүргізу тек мемлекеттік органдардың парызы емес ол әрбір қазақстандықтың міндегі екенін және жақетті шараларды мекемеде қарастыру керектігі айтылды.

### Шешім

Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы іс шаралар бойынша насихатталып, жұмыс жүргізілсін.

менгеруші:  Ш.Касымова

хатшы:  К. Жолшиева